

Назар аударыңыз!



Павлодар станциясындағы Көліктегі полиция бөлімі қала тұрғындары мен қонақтарына теміржол көлігі нысандарында жарақаттану мен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған, көлік полициялері қызмет көрсету учаскесінде бақылауды күшейтіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді және ақпараттық парақ-шалар таратады.

ТЕМІРЖОЛ АРҚЫЛЫ ӨТУ ҚАҒИДАЛАРЫН ҚАТАҢ САҚТАҢЫЗ!

Теміржол – қауіптілігі жоғары аймақ. Қағидаларды елемей өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін!

1. Жолды тек белгіленген жерлерден өтіңіз: жаяу жүргіншілер көпірлерін, тоннельдерді және арнайы белгілермен белгіленген жерүсті өтпелерін пайдаланыңыз.

2. Өтер алдында жақындап келе жатқан пойыздың жоқтығына көз жеткізіңіз: екі жағыңызға мұқият қараңыз.

3. Бағдаршамның тыйым

салатын сигналы немесе өткел сигнализациясының дыбыстық сигналы кезінде, тіпті шлагбаум ашық болса да, жолдан өтпеңіз.

4. Үзілді-кесілді тыйым салынады:

- Теміржол жолдары арқылы белгіленбеген жерлерден өтуге (вагон астымен, тіркемелер арқылы өту, қоршаулардан секіру);

- Пойыз толық тоқтағанға дейін платформадағы шектеу сызығынан асып кетуге;

- Жолдан өту кезінде құлаққаппен музыка тыңдауға немесе ұялы телефонға алаңдауға;

- Теміржол табанында фотосессия (селфи) жасауға.

Құрметті азаматтар, сақ болыңыздар! Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз! Сіздің қауіпсіздігіңіз – өз қолыңызда.

Павлодар станциясындағы Көліктегі полиция бөлімі.

ҚАУІПСІЗДІК

Суда тәртіп күшейді

Павлодар облысында бүгінде 1630 шағын көлемді кеме есепке алынған. Бұдан бөлек, төтенше жағдайлар қызметкерлерінің рейдтік іс-шаралары барысында тіркелмеген шағын кемелер де анықталуда. Шомылу маусымы басталғалы бері судағы қауіпсіздік талаптарын бұзған 253 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.



Бұл туралы Павлодар облысы Төтенше жағдайлар Департаменті төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Тілекжан Фаямов мәлімдеді.



- Шомылу маусымы басталғалы бері Төтенше жағдайлар Департаменті полиция және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп тұрақты рейдтік іс-шаралар жүргізіп келеді. Негізгі мақсат - судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу. Бүгінгі күнге дейін 1641 рейд өткізілді. Оның қорытындысы бойынша 253 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Құқық бұзушылықтардың басым бөлігі шомылу кезінде және шағын көлемді кемелерді пайдалану барысында қауіпсіздік талаптарын сақтамауға байланысты анықталды, - деді ол.

Оның айтуынша, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап шағын көлемді кемелердің қозғалысын бақылау құзыреті Көлік министрлігінен Төтенше жағдайлар министрлігіне берілген. Осыған байланысты Ертіс өзенінің су айдынында тұрақты рейдтік бақылау ұйымдастырылып отыр.

- Қазіргі таңда шағын көлемді кемелерді пайдалану қағидаларын бұзған 8 азамат әкімшілік жауапқа тартылды. Сонымен қатар полиция қызметкерлерімен бірлескен түнгі рейдтер барысында шағын кемені мас күйінде басқарған 3 жүргізуші анықталды. Оларға қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 358-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Аталған баптың санкциясында 50 тәулікке дейін қамауға алу, 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

айыппұл салу немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза көзделген, - деді Тілекжан Фаямов.

Рейд нәтижелері көрсеткендей, құқық бұзушылықтардың басым бөлігі шағын көлемді кемелерді пайдалану кезіндегі қарапайым қауіпсіздік талаптарын елемей орын алады. Атап айтқанда, жолаушылардың құтқару кеудешесін кимеуі, кеменің борттық нөмірінің талапқа сай орналастырылмауы немесе кемеге рұқсат етілген мөлшерден көп адамның мінуі жиі кездеседі.

Мамандардың айтуынша, борттық нөмірлер кеменің алдыңғы бір жақ жанында анық көрінетіндей етіп орналастырылуы тиіс.



Сондай-ақ шағын көлемді кемені пайдалану кезінде оның сыйымдылығын қатаң сақтау қажет. Артық жүктеме түскен жағдайда кеменің аударылып кету қаупі артады. Биылғы шомылу маусымы басталғалы осындай 3 оқиға тіркелген.

Бұдан бөлек, жүргізушілердің шағын көлемді кемені басқару құқығын растайтын құжатының, кеме билетінің болуы және құтқару кеудешесін пайдалануы қатаң бақылауға алынған.

Айта кетейік, шомылушыларға қатысты рейдтік іс-шаралар шомылу маусымы аяқталғанға дейін жалғасады. Ал шағын көлемді кемелердің қозғалысына бақылау Ертіс өзенінде мұз қата бастағанға дейін жүргізілмек.

Сара ӘБДОЛ.

Көңіл айту

Павлодар облысы мен Павлодар қаласының Құрметті азаматы, белгілі қылқалам шебері **Виктор Федорович Поликарповтың** (1938-2026) дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын.

Виктор Федорович Ертіс-Баян өңірі мен Қазақстанның бейнелеу өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі болды. Ол жарты ғасырдан астам ғұмырын өнерге арнап, Ертіс-Баян өңірінің мәдени тарихында өшпес із, мол шығармашылық мұра қалдырды.

Суретшінің туындыларында Ертіс, Баянауыл және қазақ даласының

кең байтақ табиғаты ерекше орын алды. Туған жерге, оның тарихы мен мәдениетіне деген шынайы сүйіспеншілікке толы еңбектері Қазақстанда және шетелдерде қойылып, әлемнің көптеген елдеріндегі музейлер мен жеке коллекциялардың қорынан орын алды.

Виктор Федорович Поликарповтың жарқын бейнесі мен шығармашылық мұрасы жерлестерінің және оның өнерін бағалаған барша жұрттың жүрегінде мәңгі сақталады.

Хасар Хабылбеков,
Павлодар қаласының әкімі.

Хабарландыру

2026 жылғы 28 тамызда сағат 16.00-де Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Жуантөбе көн орнының полиметалл кендерін қайта өңдеу бойынша байыту фабрикасын салу және пайдалану жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлаймыз.

Учаскенің географиялық координаттары: 51°8'19.37"С және 76°12'26.08"В.

Өтетін орны: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ақмектеп ауылы, Жаяу Мұса көшесі, 13/2, Медпункт. Тапсырыс беруші: «Capital Stroy V» ЖШС, БСН 1910400011321.

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ыбырайым Қалдыбаев көшесі, 23-үй.

Жобаны әзірлеуші: «Q ECO SOLUTIONS» ЖШС.

Заңды мекенжайы: 050057, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/6 ғимараты.

БСН: 240940036289, тел. +7 702 661 6646, электрондық пошта: d.amirzhan@qeg.kz.

Microsoft Teams платформа-сында бейнеконференцбайланыс: Қосылу сілтемесі: <https://teams.microsoft.com/join/4887683801838?p=3NvenJcs8HELGPShO>

Жиналыс идентификаторы: 488 768 380 183 8.

Құпиясөз: 6kcs9vL7J.

Бырыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> немесе <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat>

Ескертулер мен ұсыныстар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 5Б, 305-кабинет, тел. 77055403051 және 8 7182 372178 немесе электрондық пошта: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz және uncsvr_15.07.2025@mail.ru.

Тыңдау 5 күнтізбелік күн қатарынан өткізілуі мүмкін. Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін кемінде 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жолдануы тиіс.

(2096)

Ұйым тұрғын үйді ерлі-зайыптыларға жалға береді, төлем есебіне күзету, пешті жағу + әлеуметтік пакет. Тел.: **60-68-55, 87016508283, 87771652568.**

(780)



ЖАРНАМА

**66-15-40,
66-15-42**

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры
Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:

Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:

140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Тел/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электронды поштасы: ssamaly29@gmail.com.

Бас редактордың

орынбасары - 66-15-28.

Жауапты хатшы - 66-15-31.

Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-32.

Экономика, саясат - 66-14-61, 66-12-74.

Жарнама бөлімі:

smi14reklama@gmail.com

66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 1374 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00. Тапсырыс - 887

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды. Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Немірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін. «Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.